

"Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының тексерістер жүргізу тәртібі туралы" Нұсқауға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1997 жылғы 21 ақпан N 24 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 27 мамырда тіркелді. Тіркеу N 44. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 75 қаулысымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.01 № 75 қаулысымен.

Бағалы қағаздар рыногындағы қызметтерді бақылау жүйесін жетілдіру қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 25 сәуірдегі N 40 V960025_ қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының тексерістер жүргізу тәртібі туралы" Нұсқауға мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1 тараудың 1 тармағының екінші абзацындағы "эмитенттер" деген сөзден кейін "кәсіпқой" деген сөз енгізілсін және "бірлестік" сөзі "бірлестіктер" сөзімен ауыстырылсын.

2. 1 тараудың 2 тармағының бесінші абзацындағы "эмиссияны кідірту туралы" деген сөздерден кейін "немесе эмиссияны болмаған деп тану" деген сөздер енгізілсін.

3. 1 тараудың 2 тармағы мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын: "бағалы қағаздардың сақталысына және мәмілелердің одан кейінгі орындалысына кепілдік беру мақсатында, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымы және айланысы процесінде құқықтарды және заңды мүдделерді қорғау мақсатында бағалы қағаздар ұстаушыларының шоттарына шек қою туралы шешім қабылдау".

Алтыншы және жетінші абзацтар тиісінше жетінші және сегізінші болып саналсын.

4. II тараудың 5 тармағындағы "тексерістер" сөзі "тексеріс" сөзімен

ауыстырылсын және "заңдарға" деген сөзден кейін мына сөздермен толықтырылсын: "сондай-ақ эмитенттің қаржылық жағдайын бағалауды жүзеге асырады және бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларының белгіленген міндетті нормалар мен лимиттерді сақтауларына тексеріс жүргізеді".

5. II тараудың 13 тармағындағы "немесе эмитентті" деген сөздер алып тасталсын.

6. III тараудың 17 тармағындағы "тексерілген шаруашылық жүргізуші субъект" деген сөздер алып тасталсын.

Ұлттық комиссияның
Төрағасы